

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАБАЙ

немесе

Қытай тіліне аударылған «Абай жолы» туралы ой

Заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы перзенті М. Әуезовтің «Абай жолы» романы 1942 жылы жарық көргеннен бастап, араға үш жыл салып 1945 жылы А. Никольская және Т. Нұртазиннің аударумен Мәскеуде жарық көреді. Ал, содан бері жаңа ғасырдың басына дейін алпысқа жуық тілге аударылады. Қытайдың «ханталапайға» толы көркем әдебиет тарихында «Абай жолы» романы Қабай мен Гау Шүң Фаңның бірігіп аударуымен 2004 жылы тұңғыш рет жарық көрген еді.

ғанда Құнанбайды көзі соқыр, басы таз ғып суреттейді. Үшінші, «Баймағамбет әйелінің жоқтауы», «Вадим дастаны», «Абайдың Қаражан мінезін сомдағандағы өлеңі» классикалық түрде аударылып, басқа өлеңдердің аударылуы қытай аударма поэзиясының бел-орта дәрежесінде. Ал, Пушкин, Лермонтов т.б. шетел ақындарының өлеңдерін дәстүрлі ережеде классикалық түрде аударып, шетел әдебиеті ретінде мектеп бағдарламасына енгізілген. Төртінші, аударманың алғы сөзінде айтқандай аударманың

Ха Хуан Жанның (Қабай) ұлты - сібе. Белгілі әдебиет зерттеушісі әрі аудармашы. Абай өлеңдері мен қарасөздерін қытай тіліне аударып, жеке кітап етіп шығарған. 1958 жылы «Тянь-Шань» журналының 8 санында «Қазақтың ұлы ақыны - Абай» атты көлемді ғылыми мақаласы жарияланды. 1987 жылы Шыңжаңдағы «Ұлттар» баспасынан «Абай және Абай шығармалары» атты кітабы шығады.

1989 жылы Қытайдың бір топ делегаттарымен бірге елімізде сапарда болады. Жеке ұсынысы бойынша ат басын арнайы Семейге бұрып, ұлы ақынның мекенін көруді жоспарлайды. Облыстық атқару комитетінің орынбасары Мәркен Шайжүнісовтің тапсырмасымен жазушы ағамыз Медеу Сәрсекееұлы Абай өңірін таныстырады. Жол бойы Күшікбай бұлағынан бастап Қаражартастас, Базаралы қыстауы, Шымылдықтау, Ақбайтал кезеңі, Жидебай, тағы сол сияқты көптеген жерді аралап, аупарткомның бірінші хатшысы Хафиз Матайұлының ұсынысымен екінші күні түс ауғанда Қарауылға қайтып оралады. Келесі күні Қарауыл халқымен жүздесу өтеді. Жүздесу барысында Қабай: «Абай өлеңдеріне ынтық болып жүріп өзім де ақын атанып кеттім, ал соған мені іңкер еткен кеменгер Мұхаң шығармаларын аударуға жұмсаймын...» - деген екен. Осы сөзден соң 2004 жылы сәуір айында «Абай жолы» романының тұңғыш қытай тіліндегі нұсқасы жарық көреді.

Осы бір ұлы шығарманы аударған екі адамның бірі қытай Гау Шүң Фаң болса, бұл Қытай ҒА-ның аз ұлттар институтында аға ғылыми қызметкер Қабай болатын. Аудармада қазақтың тұрмыс-салты, ұлтымыздың табиғи болмысы жақсы ашылған. Мысалы, Бөжей өлімін суреттеу мен сары апаның Бөжейді

жоқтауы сияқты эпизодтар сәтті шыққан. Бағзы заманнан бері жоқтау айтпайтын қытайдың жоқтауды қытайшаға аударғанын оқып, еріксіз мырс етіп күлесіз. Екінші, көшпелі өмірді суреттеуде қытай тіліндегі көркем сөз де жақсы қолданылып, сахара салты әдемі бейнеленген. Үшінші, портрет суреттеуде қытай көркем әдебиеті ешкімнен де кенде емес қой. Соған сай аудармадағы портретті суреттеу көшпелі мәдениетімізге сай етіп жасалған. Төртінші, рулық қатынастарды қытай оқырманына түсінікті етіп жазуда сахара салтының табиғатын сақтай отырып бейнелеген. Бесінші, қазақи тұрмыс-салтқа байланысты тарихи көнерген сөзді аудармай, сол қалпында қолдану аударманы одан әрмен көріктендіре түсіпті. Мысалы, қозыкөш, ауыл т.б.

Әуезовтей шебер суреткер жазушы бұл әлемде саусақпен санарлықтай ғой. Аудармада Әуезовтей суреттеу мүмкін емес екен. «Той тоқпақсыз болмайды» демекші, аудармада шамалаған кемшіліктер де бар. Бірінші, Құнанбайдың өмірді қылқындырғандағы эпизоды мүлдем аударылмай қалған. Екінші, Шөженің Қарқаралыда Құнанбай мен Алшынбайды сайқымазақ етіп шығарған өлеңін аудар-

баспадан шығуына ҚР-ның Қытайдағы елшілігі барынша көмек жасаған. Сонда дүние жүзінде экспорттан бірінші орын алған Қытайдың бір аударманы шығаруға қаржысы жетпеген бе? Жоқ әлде, аудармашыларымыздың қытай көркем әдебиеті саласындағы беделі соншалықты ма? Бесінші, эпопея тұңғыш рет 2004 жылы сәуір айында «Ұлттар» баспасынан жарық көреді. Кітап соңында кітаптың таралымы көрсетілмейді. Ал, Қабай мырзаның басқа Абай туралы «Абай поэзиясы», «Абай аудармалары» т.б. еңбектері 2000 дана шығып отырған. Эпопеяның қытай тіліндегі аудармасы миллиондаған көлемінде қытай оқырманына шөлге тамған тамшыдай боп жетіп, атын естімесе көзбен көре алмай, арманда жүргендер бар. Жоғарыдағы проблеманы қорытындылай келе, отандық ғалымдардың қатысуымен қазақ тілі мен қытай тілін жетік білетін азаматтардың «Абай жолы» эпопеясын қытай тіліне қайта аударуын жөн көреміз.

Аударманы оқып болғанда аудармадан түсінгенім, біз шетелдіктерге өз ұлттық болмысымызбен, салт-дәстүрімізбен, ұлы даналарымызбен, кен-байтақ жерімізбен, тұрмыс-салт жырымызбен таныламыз.

Ісбек БЕРІКХАН,
Семей.

